

A pizza slice with pepperoni toppings is mounted on a wooden stick, positioned at the top left of the image.

**А И К Ы І Н**

## Мәңгілік елдің Астанасы және Елбасы



### **Жабал ЕРҒАЛИЕВ, жазушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Парламент Сенатының депутаты**

Тәуелсіз ел болып құралған екі он- жылдықтың аралығында, дәл осы бір он алты жылда көк күмбезінің ұшар басында көк байрағы асқақ желбіреп тұрған дәл мынандай Ақордалы Астана салып алу мүмкін бе еді?

Адал көңіл алаңындағы ой түпкірінде жатқан осы бір ойды жалғар ендігі сөзді Елбасының Қазақстан халқына Жолдауында айтылған «Біз болашаққа көз тігіп, елімізді Мәңгілік ел етуді мұрат қылдық» деген кемел сөзімен бастағанды жөн санадық. Өйткені бұл сөзді Елбасының өткен, яғни 2012 жылдың 14 желтоқсан күнгі «Қазақстан – 2050» «стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында айтқанынан ғана естігеніміз болса да, Нұрсұлтан Назарбаевтың ел басқарудың «екі тізгін, бір шылбырын» өз қолына алған кезеңдерден бері Мәңгілік ел болу мұратын біздің алдымызға бүгін ғана қойып отыр ма еді деген тағы бір ойдың сана түпкірінен үн қатары бар.

Шұғылалы көгілдір көк аспанға қалықтап ұшып бара жатқан қыран құстың қанатымен желпінген және тәуелсіздіктің Көкбайрағын батыр бабаларымыздың найзасының ұшымен өз қолымен көтерген сол қайырлы да құтты сәттен бастап Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті, ұлт Көшбасшысы, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың күні бүгінге дейін айтып та, жасап та келе жатқан әр істері мен қадамдары қазақ елін әу бастан-ақ Мәңгілік ел етуді тереңінен тербеп, әріден болжап ойлағандығы емес пе еді?! Иә, солай болатын! Ақиқаты да осы!

Тәуелсіздіктің баянды тағдыры – Нұрсұлтан Назарбаевтың тағдыры, ал Елбасының тағдыры тұтас бір халықтың, барша қазақстандықтардың

тағдыры болып қалыптасты да, Мәңгілік елдің іргетасын Назарбаев өзінің кемел ойымен, ақыл мен сана түйсігіндегі көрегендігімен, тәуекелшіл ерлігімен тұрғызып бере алғандығын және тұрғызып қана қоймай, сол Мәңгілік елдің Астанасы көрікті, іргесі берік, еңсесі биік, бірлігі мызғымас, ынтымағы арзымас, ырысы таусылмас, берекесі кетпес, ырыздығы ортаймас, дәулеті шайқалмас, әлем алдындағы жүзі жарқын, сөзі өтімді, айбыны асқақ болсын деген перзенттік те президенттік те адал ойымен бардан жоқты құрап дегендей, бәрін де жасады, жасап та келе жатыр. Көңіл осылай дейді!

Астана – қасиетті қазақ жеріне, жүрегіне сыйған тұтас әлемді өз елі мен халқына деген шексіз сүйіспеншілігінің белгісіндей етіп өз даласына қондырып, орнықтыра білген Нұрсұлтан Назарбаевтың өзіндік бір әлемі!

Желмаямен желіп жүріп жер ұйығын іздеген Асанқайғы бабасындай тәуелсіз елі үшін ендігі жер ұйығын іздеген Нұрсұлтан Назарбаев Есілдің бойына ел қондырып, алғашқы қазығынан бастап өзі қағып, бүгінгі айдынды да айбынды Ақордалы Астананы дүниеге әкелгендігі біздің, яғни қазақ елінің Мәңгілік ел бола алатындығын дәлелдеп, осыған ең әуелі өз жұртының да, одан қалды дүние жұртының да көздерін жеткізіп, иландыра білген ұлылығы еді.

Бұл Астана дөңгеленген дүниенің қазақ иеленіп отырған қасиетті жеріне орнатылған әлемнің төрт бұрышынан да көзге түсіп, көрінер, алтын тұғырлы ең заңғар да, ең биік, ең абзал да, ең бір азбайтын, тозбайтын мәңгілігінің мәңгілігі жолында мың өліп, мың тірілген қазақ үшін соғылған ұлы Ескерткіш! Сол ұлы да, қасиетті, киелі Ескерткішті қазақ халқы үшін тұрғызып берген Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевты өз халқының алдындағы перзенттік те президенттік парызына әмәнда адал болып келе жатқандығын және де өз халқы үшін небір көзсіз ерлікке бара алатын, батыл да батыр бола алатын текті де бір айрықша, дара да дана қасиетін айғақтап тұр, – дегенді бұдан бұрын айтқан да, жазған да болатынбыз.

Ғасырлар бойғы бодандық пен социалистік лагерьдегі коммунизм елесімен өмір сүрген сұрқия кезеңдердің саясаты бізді құрансыз да, ұрансыз да өмір сүруге мәжбүрледі. Ұлттық сананы өшіріп тастау үшін өткенімізге өзімізге күл шашқызды, тарихымызды өзімізге отқа жаққызды, өзімізді өзімізден безіндірді. Сөйтіп, қазақ болып туғаны үшін намыстанып, өзін өзгелерден қор санайтын ұрпақ келді дүниеге. Өзінің туған халқы үшін тарихтың осы бір қиянатшыл ақиқатын білген және де жан дүниесімен, сұңғыла көкейімен сезінетін Елбасы «Егер біз мемлекет болып тұрғымыз келсе, өзіміздің мемлекеттігімізді ұзақ уақытқа меңзеп құрғымыз келсе, онда халықтың руханиятының бастауларын түсінгеніміз жөн» дегенді айта отырып, халқымыздың әріде, тым әріде және тереңде жатқан тарих тамырымен бүгінгі және келер ұрпақтың бойына нәр тартты.

Мәңгілік ел болудың ізгі ой-мүддесін әуелі ата-бабалар ерлігінен іздеу керек деген қағиданы алға тарта отырып, қазақ даласының кеңдігі мен теңдігі үшін және ұлым құл, қызым күң болмасын, ұрпағым өссін деген ниетпен ат үстінде ұйықтап, ел іргесін бірде тасадан, бірде тосыннан, біресе қасқайып

келіп қарсы шабар небір жаудан қорғай білген сол бабалар көтерген ерлік пен елдіктің Көкбайрағын өз қолында қасиеттеп ұстап келе жатқан Елбасы «Біз бүгінгі бейбіт тірлігіміз үшін, Қазақстан деп аталатын Республиканың жер бетінде бар болғаны үшін тарихтың әр тұсында осы елді, осы жерді қорғаған кайсар жандардың аруағының алдында қашанда қарыздармыз» деп осы бір ақиқатқа адал жанымен жүгінді. Сөйтті де тарихқа тағзым етті, батырларымызға құрмет көрсетті, аруақтарға мінәжат етіп, ас берді, құрбандық шалды.

Қазақтың күйзелісті кезеңдерінің бірінде орыс патшасының өктемдігіне шыдай алмай жан ашуымен кезінде өзі шапқан Ақмола бекінісін, бүгінгі тәуелсіз еліміздің Астана қаласын қақ жарып, есіле ағып жатқан Есіл өзенінің жағасындағы елорда Астана қаласында арманы орындалып, өзінің бүгінгі ұрпақтарының дәуірлі жеңісімен көңілі өскен, асқақ бір мереймен екпіндете желе шауып кіріп келе жатқан хан Кененің ескерткішін тұрғызған сәтте Елбасы «кесілген басың жаттың қолында қалса да, айбының асып, рухың ел төрінде, елордасында тұрсын» дегенді де ойлаған болар.

Сонау тәуелсіздік кезеңдерінің алғашқы жылдарынан бастап ел-елде, жер-жерде батырлар мен бабалар тойының көбейіп кетуінің сыры, міне, осы бір ел мәңгілігі, бабалар ерлігі мен арман мүддесінде жатқандығынан іздесек деген Елбасының ойымен жүзеге асты да, талай батыр да қасиетті бабаларға кесенелер тұрғызылды, ескерткіштер соғылды. Хан ордасы Көкшетаудағы Абылайдың, Тараздағы Бәйдібек бабаның, Ақтөбедегі Әбілхайырдың, Атыраудағы Исатай мен Махамбеттің, Қостанайдағы Ахмет Байтұрсыновтың, Қызылжардағы Қарасай мен Ағынтайдың, ақын Мағжанның, Қызылордадағы Қобыланды мен Бұхарбай батырдың, Қарағандыдағы Қаз дауысты Қазыбек бидің ескерткіштері. Бұлар бізге мәңгіліктен жеткен рухымыз еді!

Халықтың ерлік рухы мен ел тәуелсіздігінің жиырма жылдан астам уақыт аралығындағы Елбасының Мәңгілік ел болу идеясымен ұштасып жатқан бүгінгі тарихи сабақтастыққа көз жіберіп, ой тоқтатар болсақ, бәрін де өз жадында қалт жібермей ұстай білетін көне тарихтың осы бір қас-қағым сәттеріндегі оқиғалар бізді тағы да мына бір жайға иландырғандай болады. Осы мәңгіліктерді баянды ету жолындағы алғашқы қадамдар Елбасы үшін оңайға түсті ме? Әрине, оңайға соқпады! Соған қарамастан, Қазақстан өзіндік даму жолын қалыптастырды. Әлемдік қауымдастықтар арасында сенім мен құрметке ие болудың амалдарына барды. Семей атом сынақ полигонын жауып, жарылыстан көз аспаған ұлы даласының көз жасын құрғатты. Ел шеті мен жер шегіне ешкімнің көз алартпауын аңдады, шекараның қауіпсіздігін қамдады. Сан ұлт өкілдерінен құралған елдің бірлігі мен ынтымағын ойлады. Тағдыры да, тарихы да бірігіп, ортақтасып, қалыптасып кеткен кешегі кеңес халқы бір-бірінен көз жазып қалмаса екен, адами қарым-қатынастары суымаса екен деген ниетпен Еуразия одағы жайлы ой салып, соның қиын соқпақты жолын тартты. Есілдің бойына ел қондырып, дүниенің төрт бұрышына есігі айқара ашылған «Мәңгілік ел» қақпасы бар қазақ елінің Астанасын салды!

Қайсыбірін айтарсыз?! Дегенмен де Назарбаевтың бізді Мәңгілік ел қылудағы жолымыздың ғасырдан-ғасырға ұласып келе жатқан соңғы бір бөлігіне ғана, яғни жиырма екі жылға толар-толмас уақыт аралығын алып қарастырар болсақ, осы және бұдан да өзге елдік харекеттердің бәрінде де туған халқының санасына қоңырау қағу, ояту, жігерлендіру, елді жетелеу, сананы қалғытпау, өзгелермен теңестіру, тайталасты заманның тайталасты диірменінің тасына түсіп кетіп, үгітіліп, мүжіліп қалмас үшін Елбасы жан алыс та, жан беріс күй кешті.

Баянды да баянсыз тіршілікте жақсы ісінді, жақсы есімінді, атың мен даңқынды, ең бастысы, ғұмырынды мәңгілікке жалғастырар мәңгілік іздеу керектігін жан дүниесімен сезінген Назарбаев туған елі мен халқы үшін, жалпы, адамзат өркениеті үшін өз мәңгілігін жасауға ұмтылды. Енді бүгін тарих сахнасының төрінен: «Елбасының мәңгілігі – Қазақ елі! Елбасының мәңгілігі – ел Тәуелсіздігі! Елбасының мәңгілігі – қазақ елінің Көкбайрағы, Әнұраны мен Елтаңбасы! Елбасының мәңгілігі – ел Астанасы! Елбасының мәңгілігі – жалпы Адамзат мүддесі үшін атқарып келе жатқан Істері мен Еңбектері!» дегенді асқақ бір көңілмен тағы да бір жасқанбай айта алар едік! Астана қаласы өзінің он жеті жылдық тарихында жалпы Адамзаттың мәңгілік мүдделерін шешу үшін бас қосар, сөйтіп, әлемнің өркениеттер мен түрлі көз-қарастарын жақындастырушы, жер шарының тіршілігі үшін барлық мемлекеттер мен саясаткерлердің ортақ жауапкершіліктері бар екендігін айта білген, айтып та келе жатқан ізгілікті ойлар мен батыл бастамашыл қалаға айналды.

Астана қаласы адамзат баласы жаралғаннан бермен қарай ешқашан да, еш уақытта да бір-бірімен жүзбе-жүз жолығып көрмеген әлемнің дәстүрлі діндері басшыларының сенімді және үмітті түрде бас қосар киелі бір ордасы болып келе жатыр. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың ынта білдіруімен және басшылығымен жиырма бірінші ғасырдың 2003, 2006 және 2009, 2012, 2015 жылдары, яғни әр үш жыл сайын Астана қаласында тұрақты өткізіле бастаған Әлем дәстүрлі діндері лидерлерінің кездесулері Адамзаттың жаңа мыңжылдығының конфессияаралық диалог пен кеңесіп, кездесулер жүйесін құруға жол ашқандығын тағы да қайталап айтудың орайы келіп тұрған сыңайлы. Астана қаласы өзінің он алты жылдық тарихында 2010 жылдың желтоқсан айының 1-2-сі күндері Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының саммитін өткізу арқылы Еуроатлантика және Еуразия кеңістігінде сенім мен бірлікті орнықтырудың тағы бір маңызды қадамын жасап, үрпиген үрейлі дүниенің үзілгелі тұрған үмітін жалғап, біріне-бірі от қаруын кезеніп отырған нәзік те, тентек әлемнің бейбіт қатар өмір сүруінің жаңа дәуіріне жол ашты.

Осы тарихи оқиға жайында «Назарбаев ұзақ жылдар бойы үні шықпай келе жатқан Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының беделін сақтап қала алды және осы ұйымның тоқтап қалудың аз-ақ алдында тұрған жүрегіне нәр беріп, санасына тың ойлардан дем салып, қуаттандырып, рухтандырып жүре берді. Қазақ елінің төр қаласы Астанада өткен Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының жетінші саммиті

адамзаттың жаратушыдан жазған өмір сүру хақына ешкімнің де қол сұғуына хақысы жоқ екендігін ұғындыра түскен, соны қайыра бір еске салған көне тарихтың ХХІ ғасырының ұлы оқиғасы» деп бағалануы керек.

Астана саммиті бейбітшілікті сақтау жөніндегі әлемнің қалғып кеткен санасын оятты!

Астана саммиті дүниедегі адам баласының мүддесіне қатысты мәселелерді мемлекеттердің осылайша бас қосып, бірлесе шешуі арқылы өркениетті алдағы уақыттағы қатерлерден сақтап қалудың бірден-бір жолы екендігін ұғындыра түскендей болды!

Астана саммиті бір ғана мемлекеттің тыныштығы, оның бай да қуатты болуы ендігі арада оларды да әр елге төнген қауіп пен қатерден сақтап қала алмасын сезіндіргендей еді!

Астана саммиті адамзаттың ортақ мекені – жер болса, сол жер шарының мекенділері – адам баласы мен жан-жануарларының тіршілігін, соларды қоршаған ортасын бүліну мен қираудан, бұзылу мен құрып кетуден сақтау шараларын бірлесіп ой қосып, бірлесіп ақылдасып, бірлесіп шешудің ойын зерделеп, тізбектеп бергендей әсер қалдырды!

Астана және Нұрсұлтан Назарбаев адамзат алдындағы ұлы жауапкершілікті сезіне отырып, әлемдік қауымдастық алдындағы зор беделінің нәтижесінде өз саммитін жоғары табыспен өткізе алды және сол арқылы соңғы он бір жыл бойы бастарын қоса алмай келген Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының тіршілігін қайыра жандандырып, бұл ұйымның әлем және оның халықтарының болашақтағы тағдырлары үшін қажеттілігін таныта білді.

«Қазақстан өз Астанасында саммит өткізу арқылы Еуроатлантикалық және Еуразиялық кеңістікте бір-бірінен бөлінбейтін қауіпсіздік құрудың көкейтесті мәселелерін айдай әлемге ұсына білді» дегенді айтқан да болатынбыз.

Дүние мынау толқып тұрған! Әлем мазасыз. Талайдан бері тыншымай отырған Таяу Шығыс дейсіз бе, сондағы «араб көктемі» деп басталған берекесіздік пен Сириядағы бітісе алмай жатқан қақтығыстар, екі кәріс мемлекеттері арасындағы қырғи- қабақтық, ескі дүние әлемі Америка мен Еуропаны жайлап бара жатқан дағдарыс деген сияқты заманның бүгінгі көрінісі дүниенің ендігі дамуына жаңаша бір көзқарасты қажет ететін сыңайлы.

Бұған дейін айтылған да, жазылған да «марксшіл» талай пәлсапалардың да, небір ғылыми тұжырымдардың да ендігі дүниенің тұрпатына тұтқа бола алмасы да анық. Біз әлем және дүние қажетсініп отырған осы жаңа көзқарасты Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың әр бастамашыл қадамынан байқап отырмыз. «Тарих адамзаттың әрбір жаңа дәуірінің алдына кең ауқымды міндеттер қояды. Бүгін ең маңызды мәселе – ХХІ ғасырдағы жаһандық трансформация қиындықтарынан лайықты өту. Барлық ұлттардың арасындағы сенім мен бірлік – әлемнің әділдікпен жаңадан құрылуының негізі» деген ой айта келіп, Қазақстан Президенті тұтас әлемнің бүгінгі халіне көз жүгірте отырып, өзінің кемелді ойымен, парасатты пайым баста-

машылдығымен жаһандық дағдарыстан шығу жолдарын іздестіру үшін әлем ойшылдарын да топтастыра алды.

Астана және Нұрсұлтан Назарбаев 2014 жылдың 24 мамыры күні экономикалық VI форумының аясында Бүкіләлемдік дағдарысқа қарсы конференция өткізді. Біріккен Ұлттар Ұйымының қолдауымен тұңғыш рет өткізіліп отырған Бүкіләлемдік дағдарысқа қарсы бұл конференцияға әлемнің 132 мемлекетінен келген 11 мыңға жуық саясаткерлер, сарапшылар және іс басындағы мамандар әлемдік экономиканың жаһандық дағдарыстан шығу жолдарын талқылады. Осы конференцияның пленарлық отырысының модераторы, «Euronews» телеарнасы Вашингтон бюросының тілшісі Стефан Гробенің сөзімен айтқанда, бұл жолы да қазақ елінің Астанасы мен қазақ елінің Президенті Нұрсұлтан Назарбаев ерке Есілдің жағасындағы осынау бір әсем де сәулетті қалада алтыншы рет әлемнің ең озық ақыл-ой өкілдері мен саясаткерлерінің, экономистері мен сарапшыларының жаһандық маңызды үнқатысу алаңында бастарын қосып, бүгінгі жаһандық экономиканы тұқыртып отырған әлемдік дағдарысты тығырықтан шығу жолдарын іздестірді, тың ойлар мен жаңа көзқарастардың қалыптасуына ықпал жасады. Әлемнің қазіргі жаһандануы мен түйісуінің түйіндерінен туындап отырған жаһандық өзекті мәселелерге бейжай қарай алмайтын сол әлемнің бүгінгі ұлы ойшылдары тағы да реформатор Нұрсұлтан Назарбаевтың «G-Global» бастамасының жаһандық дағдарыстың себеп-салдарларын бірлесе іздестірудегі өлшеусіз рөліне тоқталды. Бұл бүкіл әлемнің Назарбаевқа берген әділ бағасы болатын! Көңіл осылай деп қабылдады.

Дүниежүзінің ғұлама ғалымдары, Нобель сыйлығының лауреаттары біздің Астанада өз клубтарын құрды! Сонымен бірге Нұрсұлтан Назарбаевтың «G-Global»-ының интернеттегі коммуникативті алаңының қызметі Астана форумын үздіксіз онлайн талқылауының орталығына айналдырды. Бұл Астана форумының маңызы арта түскендігін және Назарбаев ұсынған «G-Global» атты XXI ғасырдың жаңа әлемдік құрылымы идеясының аймақтық қана емес, жаһандық сұранысқа ие бола бастағандығы емес пе?! Жаһандық дағдарысқа қарсы күрес жоспарын белгілеу үдерісі барысында соңғы жылдары өзіміз бетпе-бет келген бірқатар маңызды сабақтарды ой елегінен өткізуіміз керек. Өздеріңіз ойлап қараңыздаршы, өткен жылдың соңында бүкіл әлем XXI ғасырдың жаһанданған экономикасының бірінші дағдарысы тарих қойнауына кеткеніне сенгендей еді. Бұл туралы бізді көптеген қаржы институттары барынша сендіріп бақты. Алайда әлемнің үкілі үміті ақталмады. Кипрдегі қаржы жүйесінің күйреуі бүкіләлемдік экономикалық тұрақтылық дәуірінің ауылы алыс екенін көрсетті, – деп Елбасы «бұл ең алдымен қаржы көбіктерін жасанды түрде «үрлеу» және «жеңіл ақшаға» деген құмарлық, жаһандық қаржы жүйесін басқарудағы әлсіздік, ұлттық қаржы институттарының тиісті жауапкершілігінің жоқтығынан болып отыр» деген ақиқатты да ашық айтты.

Астана және Нұрсұлтан Назарбаев жер-жаһанға XXI ғасырда әлемге жаңа экономикалық үлгінің қажеттілігін алға тартты!

Астана және Нұрсұлтан Назарбаев «адамзат өндірген өнімдер қоғамның

әрбір мүшесінің гүлденуі және бақыты үшін жұмсалуды керек» деген дүние жұрты бұрын-соңды естіп көрмеген ой айтты!

Астана және Нұрсұлтан Назарбаев «Жасыл» энергетикаға көшу және «жасыл» технологияны өндіріске енгізу – бұл жаһандық экономиканың дамушы векторы бола алатындығын мойындатты!

Астанада ұйымдастырылған жаһандық мәні бар осы ірі форумға қатысушы Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас ассамблеясы 67-сессиясының президенті Вук Еремичтің «Мұнда келгеннен кейін Астана қаласын, оның барынша сәнді де ғажайып ғимараттарын көріп, таңданысқа бөлендім. Астана өзінің осындай адамзат қауымын ортақ үнқатысуға шақырған бастамаларымен нағыз бейбітшілік қаласына айналып келеді. Осы қалаға оның «Бәйтерек», «Қазақ елі», «Хан шатыры» секілді сәнді ғимараттары мен ескерткіш монументтері керемет жарасымын тауып, өзінше бір мағына беріп тұрғандай. Иә, Астана бүгінгі күні адамзат прогресінің маңызды бөлігіне айналуға» дегенді айтуы бүгінгі әлемнің қазақ елінің Астанасына берген баға жетпес әділ пікірі мен орынды ойы деп қабылдануы керек!

Грузия демократиялық қозғалысы партиясының төрайымы Нино Бурджанадзенің «Қазақстанның әсем астанасын көріп, осында өтіп жатқан VI Астана экономикалық форумының жұмысына қатысып, үлкен ойға қалдым. Қазақстан өз тәуелсіздігіне ие болғаннан бері қатты дамып кеткен екен. Сіздер тәуелсіздіктің игіліктерін шын мәнінде, тиімді пайдалана білген екенсіздер!» деген сөзіне сүйсіне отырып, «иә, біз Нұрсұлтан Назарбаевтай көреген де кемел ойлы Елбасының арқасында тәуелсіздіктің игіліктерін шын мәнінде, тиімді пайдалана білген елміз!» деген сөзді бізден бұрын жат айтса да, соны асқақ үнмен қайыра бір қайталағын-ақ келері бар!

Тарих ақиқатты сүйеді! Сол ақиқатқа жүгіне отырып, тәуелсіздігіміздің алғашқы бір кезеңдерінде, яғни 1997 жылы Нұрсұлтан Назарбаев жариялаған Қазақстанның 2030 жылға дейін даму стратегиялық бағыты сол біз айтып отырған Мәңгілік ел болуды мұрат тұтқандағы екендігін енді ұғына бастағандығымызды айтайық. Әйтпесе, әлі де болса бағыт алған тәуелсіздік көшінің қайда барып тұрақтарын біле алмай отырған сонау бір қылталы тұста қалың ел болып «біз қайда, 2030 жыл қайда?!» деген күдікті бір оймен таңданысты жағдайда жүрер ме едік?! Енді міне, сол күдік жоққа шығып, стратегияның ақиқатқа айналғандығына да куәміз! Осы орайда Елбасы өз Жолдауында «2030 стратегиясында белгіленген негізгі міндеттер орындалды, қалғандары орындалу үстінде. Бүгінгі күні біздің әрқайсымыз «2030 стратегиясы іске асты, заманауи Қазақстан орнықты» деп мәлімдеген де болатын.

Соңғы екі онжылдықта ғана әлемдік саяси картада пайда болған Қазақстан Республикасының 2012 жылы Бүкіләлемдік банктің «бизнесі жүргізу» рейтингі бойынша біздің еліміз 49-орынды иеленсе, «инвесторларды қорғау» көрсеткіші бойынша 10-орынға шықса, Бүкіләлемдік экономикалық форум белгілеген бәсекеге қабілеттік рейтингі бойынша Қазақстан қазірдің өзінде 51-орынды иеленіп отыр. «Біз осыдан бірнеше жыл бұрын күн тәртібіне қойған еліміздің әлемдегі бәсекеге ең қабілетті 50 елдің қатарына кіру туралы

міндетті орындауға жақын қалдық» деп Елбасының айтқаны біздің ісімізге канат бітірері сөзсіз.

Қазіргі Тәуелсіз Қазақстан өзінің жаңа саяси бағыты – «Қазақстан – 2050» стратегиясын белгілеп, ендігі арада әлемнің ең дамыған 30 елінің бірі болу мақсатын айтып отыр. Бұл жаңа саяси бағыт дамудың өскелең инновациялық экономикасы мен әлеуметтік қағидаттарға негізделіп, ол ең бастысы, «экономика – энергетика – экология» атты үш негізгі тұғырларды таяныш етпекші. Елбасы мұны «алыста сағым қуған елес емес, нақты адамзаттың жоғары сұраныстарына негізделген ақиқат» деп жалпы адамзат тіршілігінің ендігі көзі мен негізін нақтылы ойымен айқындап бере алды.

Адам баласының жер бетінде мәңгілік өмір сүруге хақы бар екендігін ұдайы айтып келе жатқан Назарбаев жер қойнауында қазба байлықтары, соның ішінде көмірсутегі кен орындарының жетіп- артыларына да қарамастан, болашақта балама қуат көздерін дамытуды да адамзаттың алдына тартып отыр. Бұдан бұрын да Назарбаевтың әлемдік қауымдастықтың қолдауына ие болған Рио-де-Жанейро саммитінде ұсынған жаһандық энерго-экологиялық стратегиясы туралы бастамасы мен «Жасыл көпір» жоспарының жүзеге асарына енді төрт жылдан кейін Астанада «ЭКСПО – 2017»

Бүкіләлемдік көрмесінің «Болашақтың энергиясы» ұранымен өткізілетіндігі де сенімді нығайта түсері бар. Қазақстан және оның Президентінің енді келіп болашақтың энергиясын іздестіре бастауы және де соған әлемнің барлық ойшылдары мен ғалымдарының назарын аударуы Назарбаевтың жалпы адамзаттың мүддесіне қызмет етуі емес деп айта алар ма екенбіз?! Иә, бұл, яғни «жасыл жарақтандыру» адамзат баласының алдағы мыңжылдықтардағы ғұмыры мен мәңгі жасауының тағдыры да болары анық. Елбасының мәңгілікке қызмет ету ісінің бір парасы міне, осыған келіп саяры да бар!

Астана, Нұрсұлтан Назарбаев және Еуропа мен Азияның ұштасқан тұсында орналасқан Қазақстан жаңа ғасырдағы адамзат өркениетінің мүдделерін белгілеп, оны айқындай түсуде тағы да көшбасшылық жасай білді.

Бұл Назарбаевтың «адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» Абай хакім айтқандай, мансаптық пендешілігінен ада жаны мен арының тазалығы мен адалдығы дер едік. Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Мәскеу мемлекеттік университетінде осыдан 20 жылдай бұрын Еуразия одағы идеясын ортаға салса, бұған қаншама қарсыласып, мойынсынғысы келмегендердің ырқына да қарамастан, бұл идея ақыры өмір шындығына айналды, ол өзінің өмірлік маңыздылығын да айғақтап тұр! Бұдан кейін біртұтас экономикалық кеңістікті қалыптастыруға зор ықпалы тиген Ресей, Беларусь, Қазақстан елдерінің қатысуымен Кеден одағы құрылды. Міне, әлем қазіргі орын алып отырған жаһандық экономикалық дағдарыстан шығудың жаңа экономикалық әрі жаңа қаржылық жүйесін іздестіріп жатқан шақта Қазақстан Президенті осылайша болашақтың мүддесіне бір аттам батыл қадам жасады. Мәңгілік елдің Астанасынан бастау алған адамзаттың тағы бір үмітті болашағы әлем кеңістігін шарлап кетті!

Бұл күндері Астана қаласының қасиетті қазақ жеріндегі аумағы ғана қанат жайып, ұлғайып бара жатқан жоқ, Астананың жер-жаһандағы абыройы да, ізгілікті істері де ұлғайып, өсіп, дәуірлеп барады. Мәңгілік елдің Астанасы солай болуы да керек қой!